«8D02207 – Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған **Әшімова Салтанат Әлиякпарқызының «Материалдық емес мәдени мұраларды сақтау және музейлендіру (отандық және шетелдік тәжірибелерді салыстырмалы сараптау)»** тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	1.1 «Материалдық емес мәдени мұраларды сақтау және музейлендіру (отандық және шетелдік тәжірибелерді салыстырмалы сараптау)» атты диссертациялық зерттеу қазіргі мемлекеттік бағдарламаларға толық сай келеді. Сонымен бірге гуманитарлық ғылымдар саласындағы музей ісі, ескерткіштерді қорғау, этнологияның өзекті мәселелері және мәдениет, өнер саласындағы пәнаралық зерттеулер бағыттарына байланысты ғылыми мәселелерді шешуге септігін тигізеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді	3) С.Ә. Әшімованың ұсынылып отырған диссертациясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылы, 23 наурыздағы №248 «Қазақстан Республикасы жоғарғы білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысының 3 тарауына сәйкес жоғарғы техникалық комиссияның 2023-2025 жылдарға арналған ғылымды дамытудың 10 басым бағытының бірі болып бекітілген «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сай келеді.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	С.Ә. Әшімованың диссертациялық зерттеуі музей ісі, ескерткіштерді қорғау, этнография мен отандық музейтанудың теориялық-әдіснамалық негіздерін жетілдіруге және олардың әрі қарай дамуына

			айтарлықтай үлес қосады. Автор жаһандану үдерісі аясында Қазақстанның әлемдік экономикалық және мәдени кеңістікке интеграциялануымен байланысты мәдени сәйкестендіру, коммуникациялық жүйені кеңейту, бизнес пен туризмді дамыту мәселелерінің өзектілігін негіздейді. Сонымен қатар, тарихи деректердің ғылыми дәлдігі мен объективтілігін қамтамасыз етудің маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл міндеттер, ең алдымен, музейлер жүйесі, сондай-ақ ұлттық қорықтар мен резерваттар негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Зерттеуде Қазақстанның тарихи-мәдени мұра объектілерін әлемдік тарихи құндылықтар жүйесіне, соның ішінде ЮНЕСКО аясындағы халықаралық мәдени мұра нысандары қатарына жүйелі түрде енгізудің өзектілігі негізделеді. 2015 жылғы ҚР «Мәдениет туралы» Заңына сәйкес және 2003 жылғы МЕММ Конвенциясын қабылдау негізінде қол қойылған келісім-шарт музейтану саласында жаңа жетістіктерге жол ашқаны белгілі. Өйткені аталған келісім-шарттың нысанасы болып табылатын «Материалдық емес мәдени мұра» негізінен этнография, өнертану, мәдениеттану бағытындағы музейлердің қызметіне музейлік этнография, музейлік антропология, музейлік фольклортану, музейлік ескерткіштану бағытындағы жаңа міндетті қоса жүктеді. Салтанат Әлиякпарқызы өзінің зерттеу жұмысында Қазақстанның ұлттық және өңірлік музейлерінің қорларында сақталған бірегей тарихи жәдігерлерді, материалдық емес құндылықтарымызды алғаш рет ғылыми айналымға енгізді. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыста музейтану, ескерткіштану (памятниковедение) ғылымындағы негізгі теориялық тұжырымдамаларға сүйене отырып, ғылыми және музейлік дереккөздерге кең ауқымды тарихнамалық талдау жасап, зерттеліп отырған тақырыптың маңыздылығын негіздеген. Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, маңыздылығы ашылған.

3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық зерттеу С.Ә. Әшімованың тарапынан дербес түрде жоғары ғылыми деңгейде орындалып, қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес кешенді талдау жүргізілген. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының әртүрлі аймақтарындағы өңірлік тарихи-өлкетану музейлерінің этнографиялық коллекцияларының қорлары және өзге де ғылыми-мәдени мекемелердің материалдары жан-жақты қамтылған. Зерттеудің негізгі нысаны ретінде Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұраны қорғау Конвенцияларын МЕММ Конвенциясына алғышарт ретінде ала отырып, МЕММ-ді құжаттау, сақтау, қорғау, танымал ету, дамытуды қолдау, көмек көрсету, музейлік, туристік мекемелердің қатысуы арқылы әртүрлі аспектілерін қайта жаңғыртуды зерттеу деп белгіленген. Мұндай жұмыс Қазақстанда тұңғыш рет орындалуда. 3.1 Жоғары.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Қазақстан ЮНЕСКО-ның 2013–2017, 2023–2027 жылдарға Дүниежүзілік мұра Үкіметаралық комитетінің, 2018–2022 жылдарға МЕММ Үкіметаралық Комитетінің мүшелік мандатын алуы Қазақстанның ЮНЕСКО-ға қатысушы мемлекеттер арасындағы атқаратын ролі мен беделін айқындай түсетіні сөзсіз. Қазақстан мұрасының ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұра тізімі мен ЮНЕСКО МЕММ тізіміне енуі, еліміздің мұрасын Әлем елдеріне танытып қана қоймай, ескерткіштің мәртебесін халықаралық деңгейде арттыруға арналған диссертация жұмысы айқын өзектілігін көрсетуде. Қазақстанның тәуелсіздік тарихында бұл диссертациялық зерттеу – материалдық емес мәдени мұраларымызды әлем деңгейінде кешенді түрде ғылыми айналымға енгізуде алғашқы ғылыми еңбектердің бірегейі деуге болады. 4.1.1 Негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Әшімова Салтанаттың ғылыми еңбегінің мазмұны зерттеу тақырыбының мәнін толық ашып көрсетеді. Диссертация дәстүрлі

		1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	құрылымға ие болып, кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, сондай-ақ негізгі ғылыми зерттеуге екі қосымша берілген: МЕММ Ұлттық тізім және ЮНЕСКО МЕММ эмблемасы және музейлік тәжірибелік зерттеулер иллюстрациялық материалдардан арқылы берілген. 4.2.1 Айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері таңдалған тақырыпқа толықтай сәйкес келеді. ЮНЕСКО МЕММ Конвенциясының қалыптасуының тарихи алғышарттарын талдау, ЮНЕСКО-ның мәдени мұраны қорғау қызметіндегі Қазақстанның орнын айғақтау, Қазақстанмен және шет елдердің ЮНЕСКО МЕММ-ді қорғау, сақтау қызметіндегі өзара ықпалдастығын, тәжірибелерді сараптауға қойылған мақсаты 7 міндетін айқындап көрсетеді. 4.3.1 Сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Әшімова Салтанат Әлиякпарқызының диссертациялық жұмысының барлық тараулар мен тұжырымдары өзара тығыз байланысып, ғылыми жұмыстың логикалық құрылымы бірізділікпен сақталған. Жекелеген тараулар мен тараушалар арасындағы мазмұны жағынан бір-бірімен байланысқан әрі жүйелі түрде ұйымдастырылған. Зерттеуші бірінші тарауда мәдени құндылықтарды қорғаудың халықаралық-құқықтық актілері, материалдық емес мәдени мұраны қорғау Конвенциясының алғышарттары, тарихи маңызы, құрылымы, ЮНЕСКО-ның мұралар тізімі желісіндегі Қазақстанның орны және Материалдық емес мәдени мұраны қорғау Конвенциясын ратификациялау және Үкіметаралық комитетке мүшелік ету тарихына тоқтаса, екінші тарауда автор халықаралық тәжирибеге сүйене отырып әлем практикасын қарастырады. Үшінші тарауда Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасы Ұлттық тізімін қалыптастырудағы Ұлттық музей мен Ұлттық Комитеттің ықпалы туралы толық материал беруде. Қорытындыда автор диссертацияның тұжырымдамалық негізін қарастырылады, мұнда Қазақстанның МЕММ құндылығын жан-жақты нақтылайды.

			4.4.1 Толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Ең алдымен, С.Ә. Әшімованың диссертациялық зерттеу жұмысы соңғы уақытта жазылған Қазақстандағы ескерткіштану, оны қорғау және музейтану саласындағы әдіснамалық тұрғыдан ерекше құнды ғылыми еңбектердің бірі екенін атап өткен жөн. МЕММ контекстуалдық талдау әдісімен және олардың тарихи-этнографиялық маңызын саралау негізінде кешенді зерттеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, зерттеу барысында МЕММ типологиясын жүйелеудің жаңа әдістері қолданылып, олар алғаш рет әлемдік ескерткіштану, музейлік тәжірибемен өзара байланыста қарастырылады. Осы диссертациялық жұмыстың нәтижелері Қазақстан музейтану ғылымының дамуына елеулі үлес қосып, болашақта елдің басқа да музей, ескерткіш қорларын зерттеу барысында өз жалғасын табады деп сенеміз. 4.5.1 Сыни талдау бар.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтижелері мен пікірлері толығымен жаңа. Зерттеу барысында диссертант келесі жаңалықтарға қол жеткізген: 1. Қазақстанның ЮНЕСКО-ның Мәдени және табиғи мұраны сақтау конвенциясын ратификациялау негізінде мәдениет және табиғи мұраның ең құнды нысандарын дүниежүзілік ескерткіштер қатарына енгізу тәжірибесінің трансшекаралық, мемлекетаралық, мәдениетаралық ықпалдастықты қалыптастырудағы ролі айғақталған; 2. Қазақстанның ЮНЕСКО Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенциясын ратификациялау негізінде Материалдық емес мәдени мұра Ұлттық тізімін қалыптастыруының алғышарттары мен жүзеге асыру жолдарының отандық тәжірибесін шетелдік тәжірибелермен салыстырмалы талданған;

			3. Қазақстанның Материалдық емес мәдени мұраларын ЮНЕСКО-ға енгізу және шет елдермен бірге «мемлекетаралық» ортақ мұраны қорғау тәжірибесі талданған; 4. МЕММ-ді талдауға негізделген басылым, жарияланымдарды жинау, жүйелеу; 5. «Материалдық емес мәдени мұраның тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары» типіне енетін ескерткіштердің сақталуы мен қорғалуына талдау жасалған; 6. «Орындаушылық өнер» типіне жататын ескерткіштердің сақталуының дәстүрлі жүйесі мен қазіргі заманғы трансформациялануын ғылыми зерделеу жасалған; 7. «Әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар» типі бойынша Ұлттық тізімге және ЮНЕСКО-ға енген ескерткіштердің сақталуына қазіргі заманғы қоғамның әсерін талданды, осы типтегі жойылу қаупіндегі ескерткіштер сараланған; 8. «Табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар» типі бойынша табиғатпен етене өмір сүру нәтижесінде игерілген құндылықтардың қорғалуының қамтамасыз етілуін талдау, табиғаттанумен байланысты халықтық білімдер жүйесіндегі шұғыл қорғауды қажет ететін мұраларды, табиғат өнімдерін тұрмыста, шаруашылық мақсатта және этномедицинада пайдалануды сақтау жолдарына талдау жасалған; 9. «Дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар» жүйесін игерген қолөнершілердің дәстүрлі білімді тасымалдаушы топ ретіндегі ролін айғақтайтын мұралардың қорғауға алынуы сараланған; 10. Қазақстанның МЕММ Ұлттық тізімінің жасалуы мен жүзеге асуының негізгі жолдары талданған. 5.1.1 Толығымен жаңа.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа;	Зерттеуші Қазақстан Республикасындағы МЕММ басым бөлігін талдай отырып, еліміздің қазіргі мәдени, ескерткіштану, музейтану жүйесінің даму деңгейінен біршама озық, әрі құзыретті жаңа

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем	тұжырымдар мен қорытындылар жасайды. Шын мәнінде, Қазақстан қазіргі заманда өз мұраларын (материалды немесе материалдық емес) шетел түгел, өз азаматтарымызға дұрыс насихаттай алмай отырмыз, әлемдік мәдениетінің заманауи талаптарына сай даму қарқыны жағынан артта қалып отыр. Зерттеуші мемлекеттік саясаттың қазіргі таңда мәдени, этнографиялық құндылықтарды сақтау мен жинақтау үдерісін жүйелі түрде қолдауы қажеттігін орынды атап өтеді. Себебі республика аумағында халық арасында сақталған бірегей қазақ мәдениетінің мұраларын жинақтау мен ғылыми айналымға енгізу мәселесі өзектілігін жоймағанымен, бұл бағытта айтарлықтай прогресс байқалмайды. Осыған байланысты мемлекеттік деңгейде жүйелі мәдени саясат әзірленіп, МЕММ ісін дамытуға бағытталған кешенді іс-шаралар жүзеге асырылуы тиіс. 5.2.1 Толығымен жаңа.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыс «8D02207 – Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған және гуманитарлық бағыт бойынша әзірленген және техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерін талқылауды талап етпейді.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	С.Ә. Әшімованың диссертациялық жұмысында барлық негізгі қорытындалары ғылыми тұрғыдан сенімді, біршама жағдайда ескерткіштерді қорғау, музей қорлары мен экспозициясындағы материалдармен, далалық зерттеулер дәлелдемелерге негізделген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді;	Диссертациялық жұмыста С.Ә. Әшімова зерттеудің ғылыми әлеуеті мен құндылығын айқындайтын жеті негізгі тұжырымды қорғауға ұсынады. 1-қағидат. ЮНЕСКО-ның 1972 жылы қабылданған Дүниежүзілік мәдени мұра мен табиғи мұраны қорғау Конвенциясы мен ескерткіштерді қорғауға бағытталған әлемдік бағдарлы құжаттары МЕММ Конвенциясының қалыптасуына тарихи алғышшарт болды,

		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Қазақстанның ЮНЕСКО Конвенцияларын ратификациялап, Мәдени мұра, Биосфералық резерват, Әлем жады, МЕММ Халықаралық тізіміне мұраларды енгізуі, Үкіметаралық комитет жұмысына қатысуы, Қазақстанның Халықаралық аренадағы тарихи орнының зор екенін айғақтығын автор халықаралық құжаттарды сараптамадан өткізіп көрсеткен. Бұл автордың ғылыми айналымға енгізген тың тұжырымдарының бірі. 7.1.1 Дәлелденді 7.2.2 Тривиалды емес 7.3.1 Қағидаттар жаңа 7.4.3 Қолдану деңгейі кең 7.5.1 Иә. 2-қағидат. Әлем елдерінің ЮНЕСКО МЕММ Конвенциясын ратификациялауының, әлем елдерінің аталған Конвенцияға қосылуының статистикалық базасын жасау, әлем елдерінің МЕММ халықаралық бағыт ретінде қабылдауын талдау, МЕММ Үкіметаралық комитетке мүшелік етуі Конвенцияға қатысушы елдердің ЮНЕСКО-дағы қызметін және мәдени халықаралық ықпалдастыққа байланысты жанжақты талдап, басқа мемлекеттердің тәжіребесімен салыстыра отырып зерттеген. 7.1.1 Дәлелденді 7.2.2 Тривиалды емес 7.3.1 Қағидаттар жаңа 7.4.3 Қолдану деңгейі кең 7.5.1 Иә. 3-қағидат. Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің МЕММ дамыту ісін нормативтік-құқықтық құжаттар арқылы реттеуі, ЮНЕСКО қалыптастырған халықаралық-құқықтық актілер мәдениеттің тұрақты дамуына негіз болады, қазіргі таңда Конвенцияға қатысушы 157 мемлекеттен 849 МЕММ ЮНЕСКО тізіміне енуі әлем елдерінің Конвенцияны қарқынды ратификациялауы мен оны қорғау, сақтау ісіндегі белсенділігінің айғағы ретінде Салтанат Әшімова

			қазақстаннан еңген ескерткіштерді, мәдени мұраларымызды этнограф, тарихшы және халықаралық сарапшы ретінде қарастырған. 7.1.1 Дәлелденді 7.2.2 Тривиалды емес 7.3.1 Қағидаттар жаңа 7.4.3 Қолдану деңгейі кең 7.5.1 Иә. 4-қағидат. ЮНЕСКО МЕММ қорғау, сақтау ісі арқылы мемлекетаралық ықпалдастық, мәдениетаралық диалог, тұрақты даму мен бейбітшілікті сақтауды қамтамасыз ету жолдарын нақты мысалдар есебінде керемет жақсы келтірген. Диссертанттың шет тілдерін жетік білуі осы сұрақтарды қарастыруда астарлы саясаттыңда бейбіт өмірде немесе қақтығыс кезеңдерде қалай жүзеге асатынын көрсете білген. 7.1.1 Дәлелденді 7.2.2 Тривиалды емес 7.3.1 Қағидаттар жаңа 7.4.3 Қолдану деңгейі кең 7.5.1 Иә. 5-қағидат. МЕММ «тірі ескерткіш» ретінде қарап, ұғымының негізгі компоненттерінің типі, санаты, бағыттары қарастырылып, есепке алу, тіркеу, құжаттау, Ұлттық тізімді қалыптастыру, Халықаралық қорғауға ұсыну жолдарын керемет дәлелдә талдап, мәдени мұраның қоғам үшін маңыздылығын айғақтайды, әрісі этнология, ұлттық архитектура, музейтану ғылымының деректік базасы, тарихи және тарихи-этнографиялық деректер корпусының нақтылық пен көрнекілік жағынан айырықша категориясы ретінде де үлкен рөл атқаратынын көрсеткен. 7.1.1 Дәлелденді 7.2.2 Тривиалды емес 7.3.1 Қағидаттар жаңа 7.4.3 Қолдану деңгейі кең

			7.5.1 Иә. 6-қағидат. МЕММ-ді модельдеу функциясының музей қызметі жүйесіне енуі, музей арқылы сақтау, «ескерткіш» ретінде ұсынуды талдау, МЕММ қауымдастық ортада «тірі мұра» ретінде сақтау, қорғау, оны халыққа ұсыну жолдарының әдіснамалық моделі оның алуантүрлілігін, музей қызметінің көпкешенділігін танытуды ұтымды ұсынған. Қазіргі әлеуметтік және мәдени антропологияның озық тәжірибелеріне сүйене отырып, зерттеуші музей саясатын қайта қарастыру қажеттігін негіздейді. Атап айтқанда, музейлік коллекцияларды әлемдік ғылыми айналымға енгізу, олардың өркениеттік кеңістіктегі ғылыми маңызын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізу қажеттілігі атап көрсетіледі. 7.1.1 Дәлелденді 7.2.2 Тривиалды емес 7.3.1 Қағидаттар жаңа 7.4.3 Қолдану деңгейі кең 7.5.1 Иә. 7-қағидат. МЕММ туристік дестинациядағы ролі мен орнын айғақтау ішкі және сыртқы туристерді тұрақтандыруды, этнотуризмді бәсекеге қабілетті етуді қамтамасыз етуді диссертант Салтанат Әшімова қазіргі кезеңде бүкіл әлем жаһандану үрдісіне ұшырауына байланысты ұлттық құндылықтардың әлеуеті әлсіреп жатқандығы, осы жайтқа байланысты ұлттық сананы, сол арқылы ұлттық болмысты сақтаудың ең ұтымды жолдарының бірі де, бірегейі музейлік құндылықтарды зерттеудің қажеттілігі өз алдына, оларды ең алдымен, көпшілік арасында, әсіресе, өскелең ұрпақтарға дәріптеудің еліміздегі мәдени жұмыстың іргелі бағытына айналу қажеттілігін ғылыми негіздейді. 7.1.1 Дәлелденді 7.2.2 Тривиалды емес 7.3.1 Қағидаттар жаңа 7.4.3 Қолдану деңгейі кең 7.5.1 Иә.

			Зерттеу тақырыбы бойынша: 5 мақала Қазақстан Республикасының білім беру және ғылым саласындағы бақылау комитетімен бекітілген тізімдегі басылымдарда; 2 мақала – Scopus/WoS мәліметтер базасына енген журналдарда; 5 мақала-баяндама Халықаралық конференцияларда; 1 шетелдік кітап тарауы; 2 мақала БАҚ, танымдық басылымдарда және 3 авторлық куәлік бар.
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың маңызды артықшылықтарының бірі – оның әдіснамалық негізінің тереңдігі мен жан-жақтылығы. Автор, ең алдымен, тәжірибелі маман ретінде музей ісінің барлық функционалдық аспектілерін терең меңгерген. Сонымен қатар әлем деңгейіндегі институционалдық, аксиологиялық, статисткалық әдістерді қолданған. Ол музей жүйесіндегі тіркеу, олардың ғылыми айналымға енгізу, сақтау, көрме сияқты күрделі процестерді кәсіби деңгейде игерген. 8.1.1 Иә.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу нысаны ретінде Қазақстанның материалдық емес мәдени мұра бірегей және қайталанбас музей, этнографиялық материалдарын құрағандықтан, қазіргі заманғы компьютерлік технологияларды, соның ішінде ChatGPT сияқты, жасанды интеллект құралдарын тікелей қолдану мүмкін емес. 8.2.2 Жоқ.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ.	С.Ә. Әшімова жүргізген ғылыми зерттеу практикалық тұжырымдармен қатар, маңызды теориялық қорытындыларды да қамтиды. Солардың ішінде ең бастысы – МЕММ зерттеу ісінде теориялық ұстанымдар 2003 жылғы Конвенцияны қабылдаумен байланысты және оны автор мұқият түсіндіру, тарату ісіне орай қарастырады («ғылыми жаңашыл идеялар», терминологиялық талдауда, этнолингвомәдени және т.б.). 8.3.1 Иә.

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	С.Ә. Әшімова өз диссертациялық жұмысында барлық тұжырымдары мен қорытындыларын тарихи және этнографиялық дереккөздермен жүйелі түрде дәлелдеп, зерттеу тақырыбына сәйкес ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасаған. Ол ғылыми сөздіктерге, арнайы энциклопедияларға (мысалы, Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы, 2017. Т.1-5), каталогтарға, жетекші мамандардың ғылыми монографиялары мен мақалаларына сүйене отырып жазған. 8.4. Расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған ғылыми әдебиеттер мен дереккөздердің тізімі 220 библиографиялық сипаттамадан тұрады. Бұл пайдаланылған әдебиеттер тізімі диссертация тақырыбы мен сұраныстарына сәйкес келеді. Ерекше атап өтерлік жайт – автор МЕММ саласындағы арнайы әдебиеттерді, соның ішінде каталогтарды, әдістемелік нұсқаулықтарды және басқа да дереккөздерді ғылыми айналымға енгізгені қуантады. 8.5. Жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу, сөзсіз, теориялық маңызға ие. Қазіргі жаһандық үрдістер ұлттық мемлекеттердің рөлін қайтадан алдыңғы қатарға шығарып отырғандықтан, диссертант көтерген мәселелер алдағы уақытта өзектілігін одан әрі арттыра түседі. Бұл тақырыптың маңыздылығы оның пәнаралық сипаты арқылы да айқындалады. Ұлттық мәдени мұраны насихаттау, сақтау, музей ісін дамыту және этнографиялық деректерімізді ғылыми айналымға енгізу мәселелері жақын болашақта тарихшылар, мәдениеттанушылар, саясаттанушылар және басқа да мамандар тарапынан кеңінен талқыланатын өзекті зерттеу нысанына айналатыны еш күмән тудырмайды. 9.1.1 Маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада	Диссертацияның практикалық маңызы зор. Мысалы, автор ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің МЕММ қорғау

		қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жоқ.	комиссиясының мүшесі ретінде 2013 жылғы алғашқы ҚР МЕММ Ұлттық тізіміне өзгерістер енгізіп, қайта толықтыруға байланысты 2024 жылы «Қазақстан Республикасының Материалдық емес мәдениет мұрасы Ұлттық тізімін» қалыптастыру жұмыс комиссиясының мүшесі ретінде қатысып, Ұлттық тізімге енген мұраларды құжаттау арқылы өндірістік қолданысқа енгізу жұмыстарының негізгі этаптарын жүзеге асырған. 9.2.1 Иә.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады және заманауи ғылыми зерттеу әдістемесіне негізделген. Олар тек жергілікті тарихи, этнографиялық материалға бейімдеуді қажет етеді. Диссертация нәтижелері халықаралық сарапшылар, этнографтар, музейтанушылар, жергілікті атқарушы қызметкерлерге және басқа да мамандарға тиімді пайдалануға толықтай мүмкіндік береді. 9.3.1 Толығымен жаңа.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Зерттеу жұмысының академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Автор ғылыми ойларын қисынды әрі жүйелі түрде жеткізіп, зерттеу нәтижелерін нақты тұжырымдайды. Диссертация мазмұны көркем әрі сауатты қазақ ғылыми тілінде баяндалып, ғылыми орта мен кәсіби мамандарға бағытталған. Мәтінде грамматикалық және стилистикалық қателер кездеспейді, барлық редакциялық талаптар қатаң сақталған: тыныс белгілерінің, тырнақшалардың, сызықшалар мен дефистердің дұрыс қойылуы мұқият тексерілген. Жалпы алғанда, зерттеу жұмысы жоғары сапалы ғылыми редакциялаудан өткендігі айқын аңғарылады. 10.1. Жоғары
11	Диссертацияға ескертулер		С.Ә. Әшімованың диссертациялық жұмысына қатысты елеулі сын-пікірлер жоқ, зерттеу жоғары ғылыми деңгейде орындалған. Алайда, болашақтағы зерттеулерінде диссертант ғылыми тексты қарапайым оқырмандарға түсінікті қылып жеткізу жағын қарастырса деген өтініш айтамын. Бай ақпаратты жергілікті атқарушы органдарға

			түсінікті тілмен жол картасы арқылы немесе әдістемелік құрал есебінде тарату қажеттігі өзекті.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Ғылыми нәтижелерге қол жеткізуде ізденуші зерттеуде қозғалған мәселелер бойынша 2022 жылдан бері зерттеулер жүргізіп келген. Диссертациялық зерттеулердің нәтижелері бірнеше конференция материалдары мен жинақтарда жариялаған. 5 мақала Қазақстан Республикасының білім беру және ғылым саласындағы бақылау комитетімен бекітілген тізімдегі басылымдарда; 2 мақала – Scopus/WoS мәліметтер базасына енген журналдарда; 5 мақала-баяндама Халықаралық конференцияларда; 1 шетелдік кітап тарауы; 2 мақала БАҚ, танымдық басылымдарда және 3 авторлық куәлік бар.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Әшімова Салтанат Әлиякпарқызының «Материалдық емес мәдени мұраларды сақтау және музейлендіру (отандық және шетелдік тәжірибелерді салыстырмалы сараптау)» тақырыбындағы дайындалған диссертациялық жұмысы ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғарғы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларына толық сәйкес келеді деп есептеймін. Сондықтан, «8D02207 – Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді ұсынамын.

Ресми рецензент:

Қ. Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университетінің
Ғылым және инновациялар жөніндегі
проректоры, т.ғ.д., доцент

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
Персоналды басқару департаменті директоры
«30» 03 2026

Р.А. Бекназаров